

## Қазақ тілі

*Нұсқаулық: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі*

1. Сызба бойынша берілген сөз тіркестері

Үстеу + етістік

Зат есім + септеулік  
шылау + етістік

Есімдік + зат  
есім

- A) гүлдей жайнау, бес арыс, иманын ұшыру
- B) жаны ашу, басқан ізін білдірмеу, өзінің үйі
- C) лезде жиналу, ауылға дейін жету, оның ойы
- D) жылдам сөйлеу, беті бүлк етпеу, тастақ жер

2. Дербес мағыналы сөздердің бірігуінен жасалған жалқы есімнің ережеге сай жазылуы

- A) Ер Төстік
- B) Қарағаш
- C) Жеті сай
- D) Емхана

3. Суретке сәйкес жалаң сөйлем



- A) Микрофонды қолына алды.
  - B) Даусын шығара сөйледі.
  - C) Қонақ сөйлеп тұр.
  - D) Қолын көтеріп сөйледі.
4. Тырнақшаға алынып жазылатын қатар
- A) адам, жер-су атаулары
  - B) техника, ұшақ атаулары
  - C) кітап, газет-журнал атаулары
  - D) тіркесіп келген кешенді атаулар
5. Бұйрықты сөйлем
- A) Қыздар ше
  - B) Қасыма отыршы
  - C) Өлең айтты
  - D) Қап, кешігіппін
6. Сөйлемнің айтылу сазы мен мақсатына қарай түрі
- A) жақты
  - B) жалаң
  - C) атаулы
  - D) лепті

7. Зат есім тудырушы жұрнақтарды белгілеңіз

- A) -дау, -деу
- B) -шы, -ші
- C) -дыр, -ыр
- D) -лау, -леу

8. Төменде берілген сөйлем соңына қабаттаса қойылатын тыныс белгілері

*Шіркін, Жер-Ананың қадірін кім біледі*

- A) сызықша, тырнақша
- B) леп белгісі, көп нүкте
- C) үтір, леп белгісі
- D) қос нүкте, нүктелі үтір

9. Бірыңғай анықтауышты сөйлем

- A) Әлемдегі ең бай, әдемі, шұрайлы тіл - қазақ тілі.
- B) Көшеде сырғанақта біреу зырлатып шана теуіп барады.
- C) Көршісін аяғынан шалып, итеріп жіберді.
- D) Қазақтар хайуанды үйір қылып, үйрете білген.

10. Айтылуға тиісті мүшенің бірі түсіп қалған сөйлем

<b>1. Жақты сөйлем</b> Қазақстан ұлттаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын қалыптастырды.	<b>2. Жақсыз сөйлем</b> Қиыншылықпен қол жеткізген тәуелсіздік туын берік ұстауымыз керек.
<b>Жай сөйлемнің түрлері</b>	
<b>3. Атаулы сөйлем</b> Көзге түртсе көргісіз қараңғы түн. Үрейленген адамдар.	<b>4. Толымсыз сөйлем</b> Бәріміз бүгін кешкі пойызға шығарып саламыз.

- A) 4
- B) 1
- C) 3
- D) 2

11. Қуану мағынасындағы лепті сөйлем

- A) Енді маған өтірік айтушы болма!
- B) Темірді қызған кезде соқ!
- C) Жолдастар, сіздерді құттықтаймыз!
- D) Бақырмай, өшірші үніңді!

12. Матасу байланысындағы сөз тіркестер қатары

- A) Дөңгелек жүзді, өмірінің мәні
- B) Арнасына қосылды, жүректің көзі
- C) Қуаныш жасы, баланың ісі
- D) Дөңгелек сықыры, биіктен қарады

13. Хабарлы сөйлем

- A) Енді өтірік айтпа.
- B) Менің қасыма отыршы.
- C) Сөзіме құлағыңды сал.
- D) Ол тез келемін деп кетті.

14. Суретте берілген жай сөйлемнің түрлері



- A) Жалаң, толымсыз, атаулы
- B) Жақсыз, толымды, атаулы
- C) Толымды, атаулы, жайылма
- D) Жақты, жақсыз, толымды

15. Анықтауышы жалқы есімнен болған сөйлем

- A) Ақ Ордада билер мен сұлтандар отыр.
- B) Кітап Үйіне көптеген жазушылар жиналды.
- C) Қазақ тұрмысы туралы деректі фильм түсірілді.
- D) «Жеті жарғы» Әз-Тәукенің заңы екенін білеміз.

**Нұсқаулық:** Сізге контекст негізінде тест тапсырмалары беріледі

### Сығайдың баба мұрасы

Сығай Баянұлы Тарбағатай өңіріне белгілі болған қайраткер адам. Әкесі Баян қажы атанған оқымысты кісі. Сығай Қайрақбайдың ағасы Байбөпенің немересі. Етене жақыны. Қайрақбайдың өз баласы орнындағы адам. Сығай Баянұлы 1930-1940 жылдары Тарбағатай өңіріне мектеп салып, бала оқыту сынды ағартушылық ісіне белсене ат салысқан көрегенді, мәдениетті адам болған. Алғаш театр өнері де осы Сығай бастаған азаматтардың іскерлігімен қолға алынған. Бірде Шәуешек қаласында сахналық қойылым дайындап, оны театрға қоятын кезде бір қойшының бейнесін сомдайтын әртіс кем болып, оның орнына Сығай қойшы бейнесін сомдаған екен. Нұртаза Үкірдай: «Сығай, сен өмірі қой жайып көрмеген ақ алақан адамсың ғой, қойшы кейпіне кіре алар ма екенсің», - дейді. Сонда Сығай: «Қой бағып көрмесем де, қолымда үш-төрт қойшым бар, олардың өмірімен жақсы таныспын», - деген көрінеді.

Сол Сығай дүниеге келгенде әкесі Баян Қайрақбайды шақырып, баласын сынатып, бата сұрапты. Қайрекең жаңа туған жас сәбиге сынап қарап отырып: «Ой, мынауың бірдемеге жарайтындай көрінеді. Алтын болмаса да жез болар, бір даңққа кез болар...» - деп ырзалығын білдіріпті. Сүйте отырып, аса ықыласты пейілде бір сазды күйді толғай жөнеліпті. Күйден ұрпаққа деген ілтипат, үміт, бойын мақтанш билеген әкенің ізгі махаббатын сездіретін тамылжыған әуен төгіліп тұрыпты. Отырған жұрт рахаттана тындапты. Сонда Баян қажы: «Ой, Би аға, бұл күйдің аты не болды?» - деп сұрапты. «Мұны келергі жас ұрпаққа арнап отырмын. Күйдің аты «Сығайдың баба мұрасы» болсын», - депті Қайрекең.

Сол Сығай кейін атасының күй мұрасын арқаламаса да, әділ би болған мұрасын жалғастырып ел басқарған зәңгі болады. Ат жалын тартып мініп, халықты білімге, мәдениетке баулиды. Сол әділдік жолында жүргенде ескі үкіметтің наразылығына ілініп, ұлтшыл, білімдар азаматтардың легінде Қытай түрмесіне жабылады. Оның түрмедегі ауыр хәлін, өзімен бірге бір абақтыда отырған Таңжарық Жолдыұлының «Сығай зәңгіге» деп аталатын зарлы өлеңінен көруге болады. Ақыры Қытай үкіметі асыл ерді он мың кісілік обаға тастап өлтіреді. Таңжарық Жолдыұлы кейін түрмеден шыққан соң, Тарбағатайдағы Дәрбілжін ауданындағы Сығайдың туыстарына барып, орнына құран оқып, ұрпақтарына суретін тапсырып береді.

16. «Сығайдың баба мұрасы» күйінің авторы
  - A) Байбөпе
  - B) Қайрақбай
  - C) Таңжарық
  - D) Нұртаза
17. Сығай Баянұлына тән нұсқа
  - A) Күйші
  - B) Қойшы
  - C) Қажы
  - D) Ағартушы
18. Таңжарық Жолдыұлына қатысты ақпарат
  - A) «Сығай зәңгіге» атты зарлы өлеңнің авторы.
  - B) Қайрақбайдың ағасы Байбөпенің немересі.
  - C) Қой бағып көрмесе де, қойшы өмірімен таныс.
  - D) Баянұлы Тарбағатай өңіріне мектеп салған.
19. Мәтінде жауабы жоқ нұсқа
  - A) Сахналық қойылым қалай аталған?
  - B) Сығай дүниеге келгенді кім бата берген?
  - C) Сығай кімнің бейнесін сомдаған?
  - D) Сығайдың суреті кім арқылы жеткен?

20. Мәтін мазмұны бойынша оқиға реттілігі

1. Білімдар азаматтардың легінде Қытай түрмесіне жабылады.
2. Атасының әділдік мұрасын жалғастырып ел басқарған зәңгі болады.
3. Бала оқыту сынды азартушылық ісіне белсене ат салысады.
4. Шәуешек қаласында сахналық қойылымда қойшы бейнесін сомдайды.

A) 4, 3, 2, 1

B) 3, 4, 2, 1

C) 1, 3, 4, 2

D) 2, 3, 1, 4